

«Филологические науки»

Ниеталина Әлия Ниеталықызы, Баймурзина Татигуль Кадиржановна

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері

Жаңақоныс жалпы орта білім беретін мектебі,

Шалқар ауданы, Ақтөбе облысы, Қазақстан

М.Жұмабаев поэзиясындағы символдық бейнелер

Мағжан – Батыс әдебиетінде XIX ғасырда, орыс әдебиетінде XX ғасырдың басында гүлдене бастаған символизмді қазақ әдебиетінің топырағында түрлендірген ақын. Бейнешілдікті халықтың әлеуметтік тұрмысымен байланыстырған қазақ әдебиетіндегі символизм мектебінің ірге тасын қалады. Мағжанның символизмге келуі санасыз әрекет, жадағай еліктеу емес, өзінің жан әлеміндегі буырқанысты күйлерді, бүгінгі мұңлы сезімін, ертеңге деген үміт-сенімін барынша әсерлі, бейнелі жеткізуге құштарлықтан туған саналы тірлік. Сондықтан да ол еуропалық үлгіні көзсіз көшіріп алмайды, тылсымына бойлай отырып, қажетін қабылдады, ақындық жүрек сүзгісінен өткере отырып, шығармашылықпен жаңғырта, жаңарта қолданды.

Символизм Мағжанның қолдануында тілсіз сезімдерге тіл бітіріп, қазақ өлеңіне психологиялық тереңдік, лирикалық нәзіктік әкелді. Мағжанның символистік тәсілі екі арнада қалыптасты. Алғашқысы этногенетикалық тегімізбен байланысты. Себебі ақынның шығармашылығы қазақ әдебиетінің ояну дәуірімен тұтас келгендіктен, ұлтының көне тарихын тірілту арқылы ұлттық санасына қозғау салуға ұмтылды. Екіншісі, Европа және орыс әдебиетінің озық тәсілдерін пайдалана отырып, қазақ әдебиетін жанрлық және көркемдік жағынан байытты. [3, 93]

Мағжандай ақынға шындықты сезінудің сиқырлы күші дарыған. Мағжан ақындығының құпиясы өлеңінің сиқырлы күшінде. Ақын дыбысқа символдық сипат дарытып, өлеңнің әсерлілігін арттыра түседі. «Шолпы» өлеңіне зер салып байқалық:

Сылдыр. Сылдыр. Сылдыр...

Қанымды қайнатты құрғыр.

Шық-шық жүрекке тиеді,

Кұлпара талқан боп сыңғыр! [1, 33]

Бес шумақтың да басталуы бірдей: «Сылдыр. Сылдыр. Сылдыр...» Бұл – бойжеткен бұрымындағы шолпының дыбыстық бейнесін жеткізу үшін ақынның әдейі қолданған тәсілі. Мағжанның әйгілі «Толқын» өлеңіндегі:

«Ерке бала былдырлап,

Сылдыр, сылдыр, сылдырлап,

Толқынды толқын қуады» деп келетін жұмбаққа толы жолдардағы толқынның «ерке балаға» теңелген образы да кездейсоқ емесі анық. Бала – тазалық, адалдық, асаулық пен еркеліктің символы.

Қажу барма тұлпарға,

Талу барма сұңқарға,

Иман күшті оларда,

Мен жастарға сенемін! ("Мен жастарға сенемін"). [1, 41] Елдіктің белгісі

Елтаңбадағы ең маңызды әрі басты деталь - бұл тұлпар, жай жылқы емес, қос қанатты пырақ. Көшпенді философиясында үлкен мәнге ие бұл мифологиялық бейне символикалық жүк арқалап тұр.

Мағжанның символизмі орыстың символист ақындары Бальмонт, Фет, Блок жырларымен сырт қарағанда ұқсас секілді болғанымен, іштей үйлес емес. Орыс символизмі ақынның жеке басына қатысты жан күйзелісін күйттеу тұрғысынан келсе, Мағжан бейнешілдігі – қарақан басының қамы емес, қарайған жұрттың зары. Кезінде Мағжандай ақынның интуициясын, пайғамбардай сұңғыла сезімталдығын көп жұрт аңғармады. Мағжан лирикасын ол уақытта түсіну, тану жағы кемшін еді. Фәни дүние жарығынан бақи жалған түнегін артық санаған, мейірімсіз ажалмен мұңдасып, сүйгеніндей сырласып, «өлсем екен тұншығып», деп түңілген ақын жаны жазықсыз еді.

Мағжан поэзиядағы символизм үлгісін ұлттық таным аясында тың арнаға бұрды. Ешкімге ұқсай бермес ұлттық символизмдік лирика қалыптастырды. Өзінің көркемдік тәжірибесінде поэтикалық тәсілдерді құбылта отырып, суреткер троп түрлерін түрлі бағытта дамыта келіп, жекелеген сөздерді символ

дәрежесіне дейін көтере білді. М.Жұмабаев поэзиясының бүкіл өн бойын көктей өрнектеп отыратын символ мәніндегі сөздердің жиілік кестесі мынадай:

Символ	Жүрек	От	Күн	Өмір	Көңіл	Ой	Өзім	Жел
Жиілік саны	141	78	297	127	101	202	18	100

Мағжан қолданысындағы символдық мәнге ие болған сөздер барлық өлеңдерінде тұрақты өрнек болып түзіліп отырады. Мысалы: *От*, *Өмір* сөздері – өмір сүруге үндейтін оптимистік мотивтің бейнесі; *Жел*, *Толқын* сөздері – еркіндіктің, қимыл-әрекеттің динамикалық бейнесі; *Арыстан*, *Жолбарыс*, *Сұңқар* сөздері – мойымас жігер, мұқалмас қайраттың бейнесі; *Қайың*, *жас тал*, *терек*, *жапырақ* – балғын да аңғал жастықтың, тазалықтың бейнесі; *Күн*, *жұлдыз*, *ай* сөздері – жарық пен жылудың, күш-қуаттың бейнесі; *Көңіл*, *ой* сөздері – шексіздіктің, арман-үміттің бейнесі. [4,137]

Символизмнен Мағжан жаңалық іздеді, символ арқылы ол өлең формасын ұштады, сезімнің өзіне тіл бітірді, оның әуезділігін арттыруға, көңіл-күйін қаз-қалпында жеткізуге тырысты. «Бейнешілдердің өлеңі құлаққа жағымды, үнді, әуезді, зарлы келеді. Дыбыстардың түзілуі сурет туғызады. Дыбыс пен сурет жасауға, сөздің сыртқы түрін әдемілеуге Мағжанға жеткен қазақ ақыны жоқ», – дейді Ж.Аймауытов. [2,93]

Атын атауға жасқанып, бұқпантайлаған заманда да тасты жарған тас бұлақтың суындай нәрлі поэзия жасырын оқыған талай жүректі өзіне баурап, өзгеше күйге бөлегені шындық. Мағжан поэзиясының осынау құдірет күшін өз замандастары толық мойындап, кейі ашық, кейі жұмбақтап болса да жазып та, айтып та кеткен. Олай болса, Мағжан поэзиясы қазақ тарихындағы асыл қазынамыздың бірі деп айтуға толық негіз бар. Қазақ елі үшін Мағжанды тану мәңгіге жалғаса бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М. Жұмабаев Шығармалар жинағы Алматы, 1989 жыл
2. Ж.Аймауытов «Мағжанның ақындығы туралы» Алматы, 1989 жыл
3. Ш.Елеукенов «Мағжан» (Өмірі мен шығармагерлігі) Астана, 2012 жыл
4. Р.Нұрғалиев «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» Астана, 2002 жыл